

## Садовый ауылдық округінің Садовое ауылы аумағында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 74/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 қарашада № 4990 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Осакаров ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының ұсынысы негізінде, Садовый ауылдық округінің Садовое ауылы аумағында ірі қара малдың арасында бруцеллез ауруының ошағын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешенін жүргізуіне байланысты, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Садовый ауылдық округінің Садовое ауылы аумағында белгіленген шектеу іс – шаралары тоқтатылсын.

2. Осакаров ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 29/01 "Садовый ауылдық округінің Садовое ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4274 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылғы 23 маусымда жарияланған ) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Н. Кобжанов*